



-Мектептің Жарғысы мен ішкі тәртібімен таныстыру. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту» туралы бұйрықпен таныстыру. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту. Мектептің ішкі тәртіп ережесі.

-Құқықбұзушылықтың алдын-алу. «Жол ережесі» (оның ішінде жаяу жүргіншілер жолы, жолда жүру қауіпсіздігі, темір жол бойында жүру ережелері және темір жол қауіпсіздігі). «Жол көліктен жарақаттануды алдын-алу және олардың зардабын анағұрлым төмендету» жөнінде ескертулер жасау. Діни экстремистік терроризмнің алдын алу.

- Бейәлеуметтік мінез-құлықты оқушылармен алдын алу жұмыстарын ата-аналар арқылы ұйымдастыру.

-Ерте жүктіліктің алдын-алу.

-Ата-аналардың ата-аналар жұмысына қатысымы, оқушылардың сабаққа қатысымы т.с.с түрлі мәселелер қаралып оң шешімін тапты.

Мектеп психологы «Балалардың суицидті мінез-құлқының алдын алу бойынша әдістемелік ұсыныстар» тақырыбында психологиялық сабақ өткізді. Сабақ барысында ата-аналарға бала психологиясы туралы, мінез құлқындағы ерекшеліктерді анықтауда түрлі кеңестер берілді. Жұмысқа мектеп бойынша барлық ата-ана қатынасты.



Отбасы күніне орай "Отбасы - бақыт мекені" - атты көпбалалы отбасы аналарымен кездесу өтті. Мақсаты: Отбасы мерекесін атап өту, мектеп пен ата-ана арасындағы арақатынасты, ата-анаға деген құрмет сезімін нығайту, отбасындағы психологиялық білімдерін толықтыру. Кездесу отбасы туралы кіріспе сөзбен ашылып, ата - аналар оқушылар қойған сауалдарға жауап беріп, отбасы тәрбиесі жөніндегі бейнебаян қосылып талқыланды. Ата - аналар мен оқушылар тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдердің мәнін ашып, психологиялық тренинг жаттығулар орындалды. Кездесу соңында іс-шараға қатысқан аналарға отбасы күнімен құттықтап, әсем әуен арналып, гүл шоқтары табысталды.



Қаңтар айындағы кезекті ата – аналар жиналысында «Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудың маңыздылығы» атты үйірме жұмыстарының жетістіктері туралы, «Бала тәрбиесіндегі ата - ана» тренинг, «Тазалық – саулық кепілі» атты оқушыларды жұқпалы аурулардан, тұмаудан сақтау жолдары туралы мектеп медбикесінің кеңестері тыңдалды.



Наурыз айында «Діни – экстремизм ХХІ ғасырдағы ғаламдық мәселе» атты ой талқы, «Бала денсаулығы – басты байлық» атты зиянда заттардан, электронды темекілерден сақтану жолдары және «Мамандықтар әлеміне саяхат» атты ата – аналарға кәсіби бағдар беру мақсатында қазіргі заманға мамандық түрлерімен таныстыру презентация көрсетілді.



Мамыр айында «Бала жетістігі – тәлім тәрбиеде» жылдық қорытынды, «Жазғы уақыттағы құқықбұзушылықтың алдын алу», «Қылмыссыз жаз» атты жаз мезгіліндегі оқушылардың тиімді демалысы туралы таныстырылды. Сонымен қатар мектеп бітірушілердің емтихаға дайындығы, көп балалы, үлгілі, белсенді отбасыларын марапаттау сiттерi өткізілді.

Қорытынды: Жалпы ата-аналармен жұмыс жоспары негізінде ата — аналарды мектеп өміріне тарта отырып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін арттырып, ата — аналардың ұсыныс — пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алып ұсыныстар негізінде сұраныстарын қанағаттандырылды. Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлері ата — аналармен бірлесе отырып тиімді ұйымдастырылды. Ата-аналармен жұмыс бойынша оқу жылына жоспарланған барлық жұмыстар өз деңгейінде өтілді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Т.Дуйсегалиева